

*Бұл мониторинг депозиттердің түрлері және мөлшерлемелері туралы жалпы ақпарат беруге бағытталған. Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры (ҚДКБҚ, Қор) алдарыңыздағы деректердің қанишалықты дәл, толыққанды, шынайы және өзекті екендігіне кепілдік бере алмайды. Өйткені олар екінші деңгейдегі банктердің сайттарына жасалған мониторинг негізінде алынған. Сонымен банк салымы шартын жасамай тұрып, таңдау жасалған банк туралы ақпараттарды нақтылап, пысықтап алу қажет. Тағы да еске саламыз, банктегі таңдап алынған салымға ақша салмай тұрып, сол депозиттің табыстылығы ғана емес, банктің өзінің қаржылық ахуалы қандай екендігін ескерген дұрыс болады. Мәлімет үшін: ҚДКБҚ сайтында банктердің рейтингі туралы ақпарат та жарияланған (<https://kdif.kz/kz/finansovaya-gramotnost/rating/>). Бұл банктер – Қазақстанның депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесіне қатысушы қаржы институттары. Ал рейтингтерді халықаралық рейтингтік агенттіктер берген.*

## **Жеке тұлғалардың теңгелік депозиттері бойынша 2024 жылғы мамырдағы сыйақы мөлшерлемелері**

*(ДКБЖ-ға қатысушы банктердің сайттары негізінде)*

### **Банктердің сыйақы мөлшерлемелерінің өзгеру барысына жасалған шолу 2024.14.05 қарай қалыптасқан деректер**

2024 жылдың мамырында сыйақы мөлшерлемелері оған дейінгі аймен салыстырғанда аздап өзгерді: 4 қатысушы банк өздерінің жинақ депозиттері бойынша, 1 қатысушы банк мерзімді салым бойынша және тағы бір банк мерзімсіз салым бойынша мөлшерлемелерді қайта қарады. Банктер өздерінің ішкі депозиттік саясатына қарай, депозиттік өнімдері бойынша сыйақылардың мөлшері қандай болатындығын өздері шешеді. Банктердің сыйақы мөлшерлемелеріне мониторинг жасай отырып, банк салымдары бойынша сыйақылардың мөлшері адамдар үшін салым таңдауда ең басты арқа сүйейтін фактор болып табылмайтындығына көз жеткізуге болады. Халық қазір депозит таңдауда оның сыйақысына ғана емес, банктің тұрақтылығына, сенімділігіне, ұсынатын қызметтерінің сапасына, мобильді қосымшасының дамуына және заманауи технологияларды қаншалықты енгізіп жатқандығына назар аударады.

## Мерзімсіз салымдар<sup>1</sup>

ДКБЖ-ге қатысушы 19 банктің 16-ысы мерзімсіз салымдар қабылдайды.

2024 жылдың мамырында 15 қатысушы банк осы мерзімсіз салымдар бойынша сыйақы мөлшерлемелерін қайта қараған. Солардың ішінде ең ірі үш банктің бірі (активтерінің мөлшері бойынша нарықта алатын үлесі 10%-дан жоғары)<sup>2</sup> осы мерзімсіз салымдар бойынша сыйақы мөлшерлемелерін 0,5 пайыздық тармаққа (п.т) төмендетті. Соның салдарынан 2024 жылдың мамырында сегмент бойынша орташа мөлшерleme 14,4%-дан 14,3%-ға дейін азайды.

Осылайша банктердің мөлшерлемелері бойынша ауытқу алшақтығы<sup>3</sup> 1,4 п.т.-ны құрайды (максималды мөлшерleme – 15,0%, минималды – 13,6%). Аталмыш іріктемеге екі шағын банктің мөлшерлемелері енгізілмеді (активтерінің мөлшері бойынша нарықта алар үлесі 3%-дан төмен). Бұл банктердің ақшалай қоры негізінен заңды тұлғалардың салымдары есебінен құралады. Сәйкесінше олар мерзімсіз салымдар бойынша сыйақы мөлшерlemесін инфляция деңгейінде немесе одан төмен деңгейде ұсынады.

**1-графика. Банктердің мерзімсіз депозиттер бойынша ұсынатын мөлшерлемелері (2024 ж. мамыры)**



<sup>1</sup> мерзімдік талаптарға сәйкес келмейтін депозит - белгіленген мөлшерleme бойынша депозит, талап еткенге дейінгі депозиттерді қоспағанда оны мерзімінен бұрын алу үшін айыппұл жеке тұлғалардың қайтадан тартылған депозиттері бойынша максималды сыйақы мөлшерlemесінің мөлшерін анықтау және бекіту әдістемесінде (Әдістеме) көзделген ең төменгі айыппұлдан төмен болады немесе мүлдем болмайды

<sup>2</sup> үш ең ірі банктердің мерзімсіз депозиттер сегментіндегі үлесі 84,6%-ды құрайды (2024 ж.01.04 жағдай бойынша)

<sup>3</sup> іріктеменің максималды және минималды элементтерінің арасындағы айырмашылық

## Мерзімді депозиттер<sup>4</sup>


ДКБЖ-ға қатысушы 19 банктің ішінде бар болғаны 4 банк (аралас қорландыру әдісін қолданатын банктер<sup>5</sup> және корпоративтік қорландыру әдісіне бейімделген банктер<sup>6</sup>) толықтыруға болатын, яғни үстінен ақша салуға болатын мерзімді салымдарды ашады.

Толықтыру құқығы бар мерзімді депозиттер бойынша сыйақы мөлшерлемесін 2024 жылдың мамырында тек 1 қатысушы банк қана қысқартты: 24 айға арналған депозиттер 1 п.т-қа, ал 24 айдан жоғары мерзімге қабылданған депозиттер 0,9 п.т азайды. Сегмент бойынша ең төмен мөлшерлеме 7%-ды құрайды және ол мерзімі 24 айлық депозиттерге белгіленген. Ал максималды мөлшерлеме 16,1%-ды құрайды және ол мерзімі 3 айлық депозиттерге арналған.

Толықтыру құқығы бар мерзімді депозиттер бойынша банктер ұсынған сыйақы мөлшерлемелері инфляциядан жоғары. Тек 1 банктің ғана ұзақ мерзімді депозиттер бойынша сыйақы мөлшерлемесі инфляциядан төмен.

2024 жылдың мамырында ДКБЖ-ға қатысушы банктер толықтыру құқығы жоқ мерзімді салымдарды ашпады. Қатысушы банктер мерзімді салымдарды көп ашпаса да, олар бойынша мөлшерлемелер мерзімсіз салымдарға қарағанда жоғары және жинақ депозиттер бойынша мөлшерлемелермен тайталаса алады.

### 2-графика. Толықтыру құқығы бар мерзімді салымдар бойынша банктер ұсынатын мөлшерлемелер (2024 ж. мамыр)



<sup>4</sup> мерзімділік талабына сәйкес келетін депозит - шарттың талаптары бойынша Әдістемде көзделген ең төменгі айыппұлдан кем емес мөлшерде мерзімінен бұрын алу үшін айыппұл салатын белгіленген сыйақы мөлшерлемесімен депозит

<sup>5</sup> жеке тұлғалар мен заңды тұлғалар депозиттерінің үлесі банктің міндеттемелерінің 50%-ынан аспайды

<sup>6</sup> заңды тұлғалар депозиттерінің үлесі банктің міндеттемелерінің 50%-ынан жоғары

## Толықтыру құқығы бар жинақ депозиттер


Қатысушы 19 банктің ішінде 9 банк (аралас қорландыру әдісін қолданатын банктер және бөлшек саудалық қорландыру әдісіне бейімделген банктер<sup>7</sup>) толықтыру құқығы бар жинақ депозиттер ашумен айналысады. Соңғы қолжетімді мәліметтерге<sup>8</sup> сәйкес сол ашылған бүкіл депозиттер көлемінің 52,4%-ы аралас қорландыру әдісін қолданатын 2 банкке тиесілі.

Сонымен қатар 2024 жылдың мамырында аралас қорландыру әдісін қолданатын 4 банк барлық мерзімдерге арналған, толықтыру құқығы бар жинақ депозиттер бойынша сыйақы мөлшерлемесін азайтты. Қалған 5 қатысушы банк толықтыру құқығы бар жинақ салымдары бойынша сыйақы мөлшерлемелерін қайта қарамаған.

Сегмент бойынша ең минималды мөлшерлеме 5,1%-ды құрайды және ол мерзімі 24 айлық депозиттерге белгіленген. Ал максималды мөлшерлеме 16,5%-ды құрайды және ол мерзімі 6 айлық депозиттерге арналған.

Ата кету керек, банктер пайыздық тәуекелдің құнын ескере отырып, ұзақ мерзімге арналған, толықтыру құқығы бар жинақ депозиттер бойынша тартымды мөлшерлемелер ұсынбайды.

**3-графика. Толықтыру құқығы бар жинақ салымдар бойынша банктер ұсынатын мөлшерлемелер (2024 ж. мамыр)**



<sup>7</sup> жеке тұлғалар депозиттерінің үлесі банктердің міндеттемелерінің 50%-ынан жоғары

<sup>8</sup> 01.04.2024ж. қарайғы жағдай бойынша

## Толықтыру құқығы жоқ жинақ депозиттер

11 қатысушы банк (аралас қорландыру әдісін қолданатын банктер және бөлшек саудалық қорландыру әдісіне бейімделген) халыққа толықтыру құқығы жоқ депозиттерді ұсынады. Соңғы қолжетімді мәліметтерге сәйкес<sup>8</sup> осы ашылған бүкіл депозиттер көлемінің 62,4%-ы аралас қорландыру әдісін қолданатын 2 банкке тиесілі.

Мамыр айында толықтыру құқығы жоқ жинақ депозиттер бойынша мөлшерлемелерге қатысты өзгерістер аралас қорландыру әдісін қолданатын 3 банкте орын алды:


- бір банк 6 айлық жинақ депозит бойынша мөлшерлемені 0,4 п.т-қа төмендетсе, басқа банк керісінше 0,4 п.т.-қа көтерді. Нәтижесінде бұл сегментте орташа мөлшерлеме өзгерген жоқ деп есептеледі;

- бір банк 12 айлық жинақ депозит бойынша мөлшерлемені 0,3 п.т.-қа төмендетті.

Сегмент бойынша ең минималды мөлшерлеме 6,4%-ды құрайды және ол мерзімі 24 айдан жоғары депозиттерге белгіленген. Ал максималды мөлшерлеме 18,0%-ды құрайды және ол мерзімі 3 айлық депозиттерге арналған.

Нәтижесінде толықтыру құқығы жоқ жинақ салымдар бойынша банктердің ұсынып отырған мөлшерлемелері нарықтың басқа сегменттеріне қарағанда анағұрлым бәсекеге қабілетті болып табылады.

### 4-графика. Толықтыру құқығы жоқ жинақ салымдар бойынша банктер ұсынатын мөлшерлемелер (2024 ж. мамыр)



**Тұжырым.** 2024 жылғы мамырда сыйақы мөлшерлемелері айтарлықтай өзгерген жоқ. Өйткені қатысушы банктердің көпшілігі мөлшерлемелерді қайта қарамады. Тек кейбірі ғана өздерінің депозиттік саясаты аясында кейбір мөлшерлемелерді төмендетті:

- мерзімсіз депозиттер бойынша – 16 банктің 1-і мөлшерлемені 0,5 п.т.-қа төмендетті;

- толықтыру құқығы бар мерзімді депозиттер бойынша – 4 банктің біреуі депозиттің мерзіміне қарай 0,9-1 п.т.-қа өзгертті;

- толықтыру құқығы бар жинақ депозиттер бойынша – 9 банктің төртеуі депозиттің мерзіміне қарай 0,5-3,0 п.т.-қа өзгертті;

- толықтыру құқығы жоқ жинақ депозиттер бойынша – 11 банктің үшеуі депозиттің мерзіміне қарай 0,3-0,4 п.т.-қа өзгертті.

Жалпы депозит нарығы бойынша сыйақы мөлшерлемелері аздап қана төмендеді. Банк депозиттері бойынша мөлшерлемелер инфляциядан жоғары (8,7%<sup>9</sup>) және тартымды нақты табыстылықты қамтамасыз етеді.

Қатысушы банктер ең жоғары мөлшерлемелерді жинақ депозиттер бойынша ұсынады. Өйткені бұл салымда толықтыру және мерзімінен бұрын алу бойынша қатаң шектеулер қарастырылған. Бұл ретте мерзімді және жинақ депозиттер бойынша минималды және максималды мәндер салымның орналастырылу мерзіміне тікелей байланысты – мерзім қысқа болған сайын мөлшерлеме жоғары және керісінше – орналастыру мерзімі ұзақ болған сайын мөлшерлеме төмен. Банктер Ұлттық Банктің базалық мөлшерлемесінің төмендеу ықтималдығын есепке ала отырып, пайыздық тәуекелдерді азайту мақсатында толықтыру құқығы бар мерзімді және жинақ салымдар бойынша ұзақ мерзімге тартымды мөлшерлемелер ұсынбайды.

Банктердің сыйақы мөлшерлемелеріне шолу жасай отырып, түрлері мен мерзімдері ұқсас депозиттер бойынша қатысушы банктердің сыйақы мөлшерлемелерінде аздаған шашыраңқылық бар екендігін байқауға болады. Өздерінің жинақ ақшалары бойынша барынша мол табыс алуды мақсат тұтқан салымшылар банктердің мөлшерлемелеріне өз беттерімен қосымша мониторинг жасаулары қажет болады. Сонымен қатар депозиттік өнімдер бойынша шарттардың бір-біріне жақын екендігін және барлық қатысушы банктер бойынша кепілдік мөлшері бірдей екендігін ескере отырып, ҚДКБҚ депозиттік өнімді таңдау барысында банктің қаржылық орнықтылығына баса назар аудару керектігін алға тартады.

ҚДКБҚ еске салады, кепілді өтемнің мөлшері салымның түрі мен валютасына тікелей байланысты. Сәйкесінше ол:

- теңгелік жинақ салымдар (депозиттер) бойынша – **20 млн теңге**;
- теңгедегі өзге салымдар, шоттар, карточкалар бойынша – **10 млн теңге**;
- шетел валютасындағы шоттар, карточкалар және салымдар бойынша – **5 млн теңгені құрайды.**

---

<sup>9</sup> 2024 ж. сәуір, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі